**«Васильковка ауылының негізгі орта мектебі» КММ «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі**

**Мектеп Парламенті ұйымының мақсаты:** білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесіне әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу. өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

**Парламенттің міндеттері:**

-білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға накты мүмкіндік беру;

-ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;

-әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;

-өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Парламент мүшелері өзара көмек сенім, дамуға, ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Парламент құрамында 8-9 сынып оқушылары жыл сайын жүйелі түрде, мектептің қоғамдық шаралары бойынша жұмыстар атқарып келеді.

Парламент құрамында Президент және 8 фракция бар. Әр фракция тьютор мұғалім жетекшілігімен жұмыс жасады, әр сыныптан депутаттар сайланып, белсенділік танытты.

Білім күні қарсаңында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және Мектеп Президенті мен фракция мүшелері «Васильковка ауылының негізгі орта мектебі» КММ-де 40 жылдан астам уақыт ұстаздық еткен ұлағатты, ардагер ұстаз – Бекенова Азина Шараповнаны құттықтап, алғыс білдірді.



https://www.instagram.com/p/C_aM6zFMCRr/?igsh=ZzRhcGZybHB6dnQ3

Спорт және салауатты өмір салты фракциясының мүшесі Муратов Мадияир күнделікті таңғы жаттығу өткізілуін тұрақты түрде қадағалап отырды. Оқушылардың сергек бастауына үлес қосты.





https://www.instagram.com/p/C_j5pBnoW0x/?igsh=MWFzaXppdGJzNzY0OA==

Қазақстан халқы тілдер күніне арналған мектепішілік онкүндігінде ақпарат фракциясының ұсынысымен мектеп оқушыларымен тренд түсірілді.

https://www.instagram.com/reel/C_0YU01smXl/?igsh=eGE2d2N1cWRkeTFp

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын қолдау аясында әрі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында ұлттық ойындар ойнатты.





«Қауіпсіз білім ордасы» және «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» онкүндігі өткізілді. Бұл іс-шаралар аясында құқық және тәртіп фракциясы оқушыларға жолда жүру мәдениеті мен қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, ақпараттық жадынамалар таратылды.

 

Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сай қыркүйек айының 2-ші аптасы «Жанұям - қорғаным, ата-анам - тірегім!» дәйексөзіне арналды. Ақпарат және өзін-өзі тану және бақыт фракциясының ұйымдастыруымен балалар отбасы, жанұя тақырыбына байланысты мақал-мәтелдер айтты.

https://www.instagram.com/reel/C_0vkLUsoU3/?igsh=MXNkc3Z3M2Fkc3Yzbw==

«Отбасы күніне» орай Мектеп Парламентінің өзін-өзі тану және бақыт фракциясының ұйымдастыруымен бейнеролик дайындау жұмысы жүргізілді. Оқушылар мен ата-аналардың қатысуымен жылы лебіздер мен отбасылық құндылықтарды насихаттайтын видеоролик түсіріліп, мектептің әлеуметтік парақшасында жарияланды.

https://www.instagram.com/reel/C_qZEQGMsxC/?igsh=cGx3aDlhbGNhbnN6

https://www.instagram.com/reel/C_qWlAes_pB/?igsh=MTB5ZWZkdmdweWZtcw==

https://www.instagram.com/reel/C_qLWe1sLCJ/?igsh=MXFrajR2NXR2aGpmdg==

Мектепте жағымды атмосфера қалыптастыру мақсатында Мектеп Президенті жаңа дәстүрді енгізді, ай сайын оқушылардың туған күнімен құттықтап, жылы тілектерін білдіреді.




https://www.instagram.com/reel/DAbcwGpss4D/?igsh=MW8wYXRkOTJrb3BkaA==

Антибуллинг программасы бойынша «Досбол Like» институтының тапсырмасымен «БІЗДІҢ МЕКТЕП БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ!», «НАША ШКОЛА ПРОТИВ БУЛЛИНГА» атты флешмобқа өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары қатысты.




https://www.instagram.com/reel/DAI6MryskRK/?igsh=NmV1a3F2ajNwZGcw

Мұғалімдер күніне байланысты дайындық жұмыстары жүргізілді: Мектеп Парламенті акт залын және дәліздерді мерекеге сай безендірді, ұстаздарға арналған мерекелік концерттің бағдарламасы жасалды, оқушылар тарапынан құттықтау бейнероликтер түсірілді.



https://www.instagram.com/reel/DAQl11ks8Uy/?igsh=eHIzNm5qb3k5NHRt

https://www.instagram.com/p/DAVymTEsPYM/?igsh=MXFwenUyaGZxNmRldQ==

https://www.instagram.com/reel/DAq5Mems6sv/?igsh=ZmFxaGZ3N2d4M3ho

https://www.instagram.com/reel/DArEH7IMT74/?igsh=MTZ4dDQ4MGc0ZmdvYQ==

https://www.instagram.com/reel/DAtHb3ss1WA/?igsh=MWJkM2t5M2l6cndtcQ==

Мұғалімдер күніне арналған «Өзін-өзі басқару күні» аясында Мектеп Парламентінің құрамына кіретін жоғары сынып оқушылары (8–9-сыныптар) бастауыш және орта буын сыныптарына сабақ берді.






https://www.instagram.com/reel/DAvG3f3NseE/?igsh=bmc2NGhqM2Fpa3Nl

Мектеп Парламентінің бастамасымен «Мектептің жүрегі – мұғалім» атты мерекелік концерт өткізілді. Оқушылар мұғалімдерге арнап ән шырқап, би билеп, көріністер қойып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

https://www.instagram.com/reel/DAvIQ4uNX5o/?igsh=dGo1ZWYwNmoyN3V6

1 қазан – Карттар күніне орай Мектеп Парламентінің қамқорлық (еріктілік) фракциясы және экология және еңбек фракциясы бірігіп қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Оқушылар қарт кісілердің үйлеріне барып, тұрмыстық шаруаларға көмектесті, жылы тілектерін білдіріп, ақ батасын алды.



https://www.instagram.com/p/DAlstvGNbBz/?igsh=ZzNrY2lzcThvb3Vm

Оқушыларды «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті. Қабылдау рәсімін Мектеп Президенті Зиядаева

Қымбат өзі жүргізіп, оқушыларға ту түстес галстуктер мен төс белгілерін тақты. Бұл шара оқушылардың патриоттық рухын көтеріп, ұйым жұмысына деген жауапкершілігін арттырды.




https://www.instagram.com/reel/DDhJVhkCkao/?igsh=emFkZ296MXk5Ympl

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 16-желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне мәдениет және өнер фракциясының ұсынысымен «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» тренд челленджі түсірілді.



https://www.instagram.com/reel/DDhIfk1igq1/?igsh=MThrNm50dWkyMXA5ag==

Мектеп Парламенті мүшелері Жаңа жыл мерекесіне белсене қатысып, мектепті безендірді, сыныптар арасында түрлі байқаулар ұйымдастырды.

Аға тәлімгерлермен кеңесе отырып, оқушылар үшін "Түстер кеші" ұйымдастырылды. Кеш барысында ойын-сауық бағдарламалары, би, ән айтылып, оқушылар жаңа жылды көңілді қарсы алды.

https://www.instagram.com/reel/DEF9N6ACxgS/?igsh=MWhnaW9xZ25zZG9vdw==

https://www.instagram.com/reel/DEHjzxuCdK4/?igsh=MWhsOTNrdXkweWJ2cA==

Құқық және тәртіп фракциясының бастамасымен «Есірткіге жол жоқ» атты бейнеролик дайындалды. Мақсаты – оқушылардың есірткі мен зиянды әдеттерге қарсы көзқарасын қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау. Ролик әлеуметтік желілер мен мектеп ішінде көрсетілді.






[https://www.instagram.com/reel/DFfDREKCJfj/?igsh=emV0d3N2b3hjMXYw](https://www.instagram.com/reel/DFfDREKCJfj/?igsh=emV0d3N2b3hjMXYw)

Мектеп Парламентінің мүшелері «Алтын жүрек» челленджіне қатысып, бірнеше бейнероликтер дайындады. Челлендж аясында оқушылар жақсылық жасау, қамқорлық көрсету, үлкендерді құрметтеу сияқты ізгі құндылықтарды насихаттады. Видеороликтер мектептің ресми парақшасында жарияланып, #АлтынЖүрекЧелленджі хештегімен таратылды.

[https://www.instagram.com/reel/DGkppcsiQNP/?igsh=MTFjcG9wZWV4b2Z0aQ](https://www.instagram.com/reel/DGkppcsiQNP/?igsh=MTFjcG9wZWV4b2Z0aQ)==

[https://www.instagram.com/reel/DGnVMQCi11D/?igsh=MXFuZGFmbHk3ZW42cg](https://www.instagram.com/reel/DGnVMQCi11D/?igsh=MXFuZGFmbHk3ZW42cg)==

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай Мектеп Парламентінің ұлдары арнайы музыкалық-би нөмір дайындап, ұстаздар мен қыздарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.



[https://www.instagram.com/reel/DG8mUADCUYy/?igsh=MWl2cHdpeXJ4dTVpMQ](https://www.instagram.com/reel/DG8mUADCUYy/?igsh=MWl2cHdpeXJ4dTVpMQ)==

Экология және еңбек фракциясы 1 мамыр күні еріктілік акциясын ұйымдастырды. Акция аясында мектеп ауласы мен үй маңын тазарту, гүл отырғызу, еңбекке баулу сияқты жұмыстар атқарылды. Іс-шара оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, еңбекқорлыққа тәрбиелеуге бағытталды.



https://www.instagram.com/p/DJFE4tKipGB/?igsh=MWZ0cmV4ZHFxOGZ2cQ==

Аға тәлімгерлер: Бейсембі С.А.
Темиржанова А.Ә.